

"Әскери интернатурадағы дайындық қағидаларын және мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 483 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 554 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 тамызда № 24125 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери интернатурадағы дайындық қағидаларын және мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 483 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15753 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери интернатурадағы дайындық қағидаларында және мамандықтар тізбесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскери интерндерді даярлау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген Медицина кадрларын интернатурада даярлау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17534 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № 529 қбп бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс

министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының қызмет қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15866 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Оқуға қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери оқу орнының бастығы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен оқуға қабылдау жылының 1 шілдесіне дейін бекітілетін қабылдау комиссиясының құрамына қосу үшін кандидатураларды ұсынады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. ЖЭОО бастығы жыл сайын әскери интерндерді мамандықтары бойынша даярлау жоспарын, әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша ағымдағы жылғы 15 маусымнан кеш емес мерзімде бекітеді.".

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

Н. Ермекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі